



БҰЙРЫҚ

02 қыркүйек 2025 жыл
Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ *206* *Н/Б*
город Караганда

ҚР Мемлекеттік рәміздерін қолдану және насихаттау туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы №258 «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы» Конституциялық Заңын (29.06.2018 ж. дейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы №873 қаулысын (01.07.2023 ж. дейінгі өзгерістерімен және толықтыруларымен) зерделеу, жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуді жетілдіру және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін қолдану және насихаттау жөніндегі жауапты тұлға ретінде директордың ТІ жөніндегі орынбасары А.Ж.Сарсембаева тағайындалсын.

2.А.Ж.Сарсембаева:

2.1.ҚР Мемлекеттік рәміздерін орналастыру барысында Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы №258 Конституциялық Заңын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы №873 қаулысын басшылыққа алу;

2.2. Әнұранды орындауды әр дүйсенбі күні сағат 08:00-де – 1 ауысым оқушылары үшін, сағат 14:00-де – 2 ауысым оқушылары үшін ұйымдастыру;

2.3. Мектептің педагогикалық ұжымына ҚР Мемлекеттік рәміздерін қолдану бойынша заңнамаларды түсіндіру мақсатында ақпараттық-насихат тобының жұмысын ұйымдастыру;

2.4. 1–11 сыныптардың сынып жетекшілерінің ҚР Мемлекеттік рәміздерін қолдану заңдарын оқушыларға «құқықтық жалпы оқыту» аясында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.

3. Директордың ІІІ жөніндегі орынбасары А.Е.Баербекова:
3.1. Мектеп-лицейдің фойесінде орналасқан Мемлекеттік рәміздер бұрышының, сондай-ақ кітапханада, бастауыш сынып кабинеттерінде, тарих, қазақ тілі мен әдебиеті, АӘД және ТҚ кабинеттерінде, тақтаның сол жағында орналасқан Мемлекеттік рәміздер бұрыштарының жай-күйін бақылау.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



Н.М. Мисюрина

Бұйрықпен таныстым:

А.Ж.Сарсембаева

А.Е.Баербекова





БҰЙРЫҚ

02 қыркүйек 2015 жыл
Қарағанды қаласы

ПРИКАЗ

№ *174Н/К*
город Караганда

**Ұлттық стандарттарға сәйкес
келмейтін Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік рәміздерін ауыстыру және
жою жөнінде комиссия құру туралы**

Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру және жою қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 1 қазандағы №862 қаулысына (31.10.2012 ж. өзгерістермен) және «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Техникалық шарттар» техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 14.08.2015 ж. бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін ауыстыру және жою жөнінде комиссия құрылсын:

Комиссия мүшелері:

- 1) Сарсембаева А.Ж. - директордың ТІЖ орынбасары, төрайымы;
- 2) Баербекова А.Е. – директордың ІІІ жөніндегі орынбасары;
- 3) Жарких Н.В. - кәсіподақ комитетінің төрайымы, хатшы.

2. Ұлттық стандарттарға сәйкес келмейтін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын ауыстыру бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын жою оларды қайта қолдану мүмкіндігін болдырмау мақсатында өртесін, балқытсын, 2,5 шаршы сантиметрден аспайтын мөлшерде майдалап бөлшектесін, ұсақтасын, қалыпсыз массаға немесе ұнтақ күйге айналдыру жолымен жүргізілсін.

4. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

Н.М. Мисюрина